

Қазалы аграрлы- техникалық колледжіндегі психологиялық қызметтің жұмыстары

Колледждегі психологиялық қызметтің жұмысы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы (25.08.2022 жылғы №377) бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары», баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, «Балаларды зорлық – зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы №506 бұйрығы, «Білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №398 бұйрығы, Суицидтік мінез – құлық белгілері бар кәмелетке толмағандарды анықтаудың және олармен әрі қарай жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмін, сондай – ақ суицидке әрекет жасаған балаға көмек көрсету бойынша мемлекеттік органдардың іс – қимыл алгоритмін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 4 шілде №170 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 2 шілде №419 бірлескен бұйрығын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылуда. Оқу ғимаратының III қабатында орналасқан қажетті жағдайлармен компьютермен қамтамасыз етілген психолог кабинеті жұмыс жасайды. Психологиялық қызмет жұмысының басты мақсаты студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатын жүзеге асырады.

Оқу ғимаратының III қабатында орналасқан қажетті жағдайлармен компьютермен қамтамасыз етілген психолог кабинеті жұмыс жасайды. Психологиялық қызмет жұмысының басты мақсаты студенттердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатын жүзеге асырады. Психологиялық қызметтің оқу жылына арналған жылдық жоспар жасалып және ерекше білімді қажет ететін студенттермен және жасөспірімдер арасында суицидтің алдын – алу мақсатында жүргізілетін жылдық жоспарлары жасалып бекітіледі. Жұмыстар **5-бағытта** жүргізіледі, атап айтқанда:

- 1. Диагностикалау**
- 2. Түзету – дамыту жұмысы**
- 3. Профилактика және психологиялық ағарту**
- 4. Консультация беру**
- 5. Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыс**